**2006 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер үкіметтері басшыларының кеңесі жанындағы Интернационалист жауынгерлер істері жөніндегі комитет Үйлестіру кеңесінің отырысын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 31 тамыздағы N 254-ө Өкімі

2006 жылғы 4 - 7 қыркүйек кезеңінде Астана қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер үкіметтері басшыларының кеңесі жанындағы Интернационалист жауынгерлер істері жөніндегі комитет Үйлестіру кеңесінің (бұдан әрі - Үйлестіру кеңесі) кезекті отырысын өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне 2006 жылғы 4 - 7 қыркүйек кезеңінде 1-қосымшаға сәйкес құрамда Үйлестіру кеңесінің делегациясы мүшелерінің және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер мен Балтық елдерінен келетін отырысқа қатысушылардың қонақ үйде тұруына және көліктік шығыстарына, Астана қаласына дейін және кері қарай авиаұшуын қамтамасыз ету үшін 2-қосымшаға сәйкес 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 7881536 (жеті миллион сегіз жүз сексен бір мың бес жүз отыз алты) теңге мөлшерінде қаражат бөлсін.

2. Астана қаласының әкімі:

Үйлестіру кеңесі делегациясының мүшелеріне және Қазақстан Республикасының өңірлерінен келетін отырысқа қатысушыларға олар Астана қаласында болатын кезеңде көліктік қызмет көрсетуді;

Үйлестіру кеңесі делегациясының мүшелері және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден, Балтық елдерінен және Қазақстан Республикасының өңірлерінен келетін отырысқа қатысушылар үшін мәдени бағдарламаны және Астана қаласының көрікті жерлеріне экскурсия жасауды ұйымдастыруды;

қазақстандық ардагерлерге және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден және Балтық елдерінен келетін отырысқа қатысушыларға Үйлестіру кеңесі делегациясының құрмет көрсетуінің протоколдық іс-шараларын концерттік сүйемелдеуді;

Үйлестіру кеңесі делегациясының мүшелерімен және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден, Балтық елдерінен және Қазақстан Республикасының өңірлерінен келетін отырысқа қатысушылармен кездесу және

оларды шығарып салу іс-шараларына, әскери рәсімдер өткізу және "Отан қорғаушылар " мемориалы мен Ауғанстан Республикасында интернационалдық борышын орындау кезінде қаза тапқан қазақстандық жауынгерлерге ескерткіш жанында құрмет көрсету салтанатына жұртшылық пен оқушы жастардың қатысуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және мәдениет министрлігі Үйлестіру кеңесінің кезекті отырысын және қазақстандық ардагерлермен кездесу іс-шараларын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді, естелікке суретке түсуді және деректі бейне түсіруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі:

Үйлестіру кеңесі делегациясының мүшелерін және тәуелсіз мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден, Балтық елдерінен және Қазақстан Республикасының өңірлерінен келетін отырысқа қатысушыларды олар Астана қаласында болатын кезеңде қарсы алу және шығарып салу, олармен бірге жүру іс-шараларын;

Қазақстан Республикасы өңірлерінің Ауғанстан ардагерлерінің жергілікті одақтарымен келісім бойынша қазақстандық ардагерлердің Астана қаласындағы іс-шараларға қатысуын;

тиісті аумақтарда тұратын қазақстандық ардагерлердің 2006 жылғы 4 қыркүйекке қарай Астана қаласына келуін, 2006 жылғы 7 қыркүйекте Астана қаласынан кетуін;

2006 жылғы 4 - 7 қыркүйекте қазақстандық ардагерлердің олар Астана қаласында болатын кезеңіндегі көліктік шығыстарын және қонақ үйде тұруына ақы төлеуді;

конференц-залды жалға алуға, қатысушылардың тамақтануы мен оларды ресми қабылдауды ұйымдастыруға, кофе-брейктер өткізуге ақы төлеуді, Үйлестіру кеңесі делегациясының мүшелеріне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден, Балтық елдерінен және Қазақстан Республикасының өңірлерінен келетін отырысқа қатысушыларға тапсыру үшін тірі гүлдері бар себеттер, естелік сыйлықтар мен кәдесый өнімдерін сатып алуды 2006 жылға арналған Республикалық бюджетте 002 "Қарулы Күштер қызметінің негізгі түрлерін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының "Әскери басқару органдарының әкімшілік-басқару функцияларын қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

5. Осы өкімде көзделген іс-шаралардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне жүктелсін.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 31 тамыздағы

2 5 4 - ө өкіміне
1-қосымша

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер үкіметтері басшыларының кеңесі жанындағы Интернационалист жауынгерлер істері жөніндегі комитет Үйлестіру кеңесінің отырысына қатысушылардың құрамы**

**Интернационалист жауынгерлер істері жөніндегі комитет Үйлестіру кеңесінің мүшелері**

1. Аушев Руслан Сұлтанович - Үйлестіру кеңесінің төрағасы, ТМД интернационалист жауынгерлер істері жөніндегі комитеттің төрағасы, Кеңес Одағының Батыры, генерал-лейтенант, Мәскеу қаласы
2. Аббасов Аббас Айдынович - Үйлестіру Кеңесінің мүшесі, "Боевое братство" Жоғары Кеңесінің мүшесі, Баку қаласы
3. Бесков Борис Петрович - "Вымпел-Союз" арнайы мақсаттағы бөлімшелер мен арнайы қызметтер ардагерлері қауымдастығының президенті, Мәскеу қаласы
4. Востротин Валерий Александрович - Комитет төрағасының бірінші орынбасары, Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының депутаты, Кеңес Одағының Батыры, Мәскеу қаласы
5. Голубев Александр Титович - Ресей Федерациясы Сыртқы барлау қызметі, директорының аға консультанты, Мәскеу қаласы
6. Горюнов Михаил Петрович - Комитет төрағасының бірінші орынбасары, Екатеринбург қаласы
7. Громов Борис Всеволодович - "Боевое братство" оқшау соғыстар мен әскери қақтығыстар ардагерлерінің жалпы ресейлік қоғамдық қозғалысының төрағасы, Кеңес Одағының Батыры, Мәскеу облысының губернаторы, генерал-полковник, Мәскеу қаласы
8. Демченкова Галина Захаровна - Комитет төрағасының орынбасары - Комитеттің медициналық-әлеуметтік

проблемалар бөлімінің бастығы, Мәскеу қаласы

9. Долматов Александр Иванович - "Вымпел-Союз" арнайы мақсаттағы бөлімшелер мен арнайы қызметтер ардагерлерінің қауымдастығы кеңесінің төрағасы, Мәскеу қаласы

10. Згерский Геннадий Анатольевич - Ресей Федерациясы Шекара қызметі ардагерлері халықаралық одағының төрағасы, Мәскеу қаласы

11. Иванова Александра Дмитриевна - Ауғанстанда қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары Мәскеу қалалық одағының төрайымы, Мәскеу қаласы

12. Каримов Рашид Ахмедович - Комитеттің халықаралық бөлімінің бастығы, Мәскеу қаласы

13. Кержиманкин Петр Васильевич - Комитет төрағасының орынбасары, Мәскеу қаласы

14. Кобзон Иосиф Давыдович - Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының депутаты, КСРО халық әртісі, Мәскеу қаласы

15. Ковалев Александр Михайлович - Оқшау соғыстар мен әскери қақтығыстардың ардагерлері Мәскеу бірлестігінің төрағасы, Мәскеу қалалық думасының депутаты, Мәскеу қаласы

16. Лазуткин Валентин Валентинович - Мәскеу қаласы мэрінің кеңесшісі, ТДО директорлары кеңесінің төрағасы, Мәскеу қаласы

17. Лещинский Михаил Борисович - теледидардың саяси шолушысы, Мәскеу қаласы

18. Снегирев Владимир Николаевич - "Российская газетаның" саяси шолушысы, Мәскеу қаласы

19. Соколов Александр Константинович - "Боевое братство" ұйымының Орталық Кеңесі аппаратының басшысы, Мәскеу қаласы

20. Турбин Виталий Борисович - Ресей Федерациясы Ішкі істер және Ішкі әскерлер органдарының

жауынгерлік-әрекеттері ардагерлері қауымдастығының президенті, Мәскеу қаласы

21. Упырь Леонид Павлович - Комитет төрағасының орынбасары, Мәскеу қаласы

22. Филипченков Сергей Викторович - "Витязи" құқық қорғау органдарының ардагерлеріне көмек көрсету өңіраралық қоғамдық ұйымының президенті, Кеңес Одағының Батыры, Мәскеу қаласы

23. Шкода Леонид Карпович - Комитеттің ұйымдастыру-құқықтық бөлімінің бастығы, Мәскеу қаласы

**Интернационалист жауынгерлер істері жөніндегі комитет:**

24. Аушев Тимур Асхабович - Комитет төрағасының кеңесшісі, Мәскеу қаласы

25. Волошин Игорь Викторович - Комитет мүшесі, Мәскеу қаласы

26. Джавадян Гайк Николаевич - Комитеттің (бас маманы, Мәскеу қаласы

27. Дулясова Валентина Васильевна - Комитеттің бас бухгалтері, Мәскеу қаласы

28. Изотов Станислав Петрович - Комитет мүшесі, Мәскеу қаласы

29. Китов Валентин Иванович - Комитет төрағасының көмекшісі, Мәскеу қаласы

30. Рагозина Елена Ивановна - Комитеттің жетекші маманы, Мәскеу қаласы

31. Тетеркина Лидия Григорьевна - Комитеттің жетекші маманы, Мәскеу қаласы

**Үйлестіру кеңесі отырысының жұмысына қатысу үшін шақырылған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің интернационалист жауынгерлері ардагерлер ұйымдарының төрағалары:**

32. Велиев Магомед Алиевич - Әзірбайжан Республикасы Ауғанстан соғысының ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Баку қаласы

33. Мхитарян Армен Ашотович - Ауғанстан ардагерлері одағының төрағасы, Армения Республикасы

Парламентінің депутаты, Ереван қаласы

34. Тоестев Владимир Николаевич - Беларусь Ауғанстандағы соғыс ардагерлері одағының төрағасы, Минск қаласы

35. Кахниаури Нугзар Омарович - Грузия Ауғанстандағы соғыс ардагерлері одағының төрағасы, Тбилиси қаласы

36. Чотбаев Абдыгул Абдрашитович - Қырғыз Республикасы Ауғанстандағы соғыс және әскери қақтығыстар ардагерлерінің конгресі алқасының төрағасы, Бішкек қаласы

37. Мокан Михаил Михайлович - Ауғанстандағы соғыс ардагерлері одағының төрағасы, Молдова Республикасы Парламентінің депутаты, Кишинев қаласы

38. Клинцевич Франц Адамович - Ауғанстан ардагерлері Ресей одағының көшбасшысы, Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының депутаты, Мәскеу қаласы

39. Алимов Сухробшо Юсуфшоевич - Тәжікстан Республикасы Ауған соғысы ардагерлері одағының төрағасы, Душанбе қаласы

40. Мурадов Талат Пардаевич - Өзбекстан Республикасы жауынгер ардагерлер (интернационалистер) бірлестігінің төрағасы, Ташкент қаласы

41. Червонопиский Сергей Васильевич - Ауғанстан ардагерлері (интернационалист жауынгерлері) одағының төрағасы, Украина Жоғарғы Радасының депутаты, Киев қаласы

42. Михнюк Олег Иванович - Ауғанстан ардагерлері (интернационалист жауынгерлері) одағы төрағасының орынбасары, Киев қаласы

43. Натулькявичус Юозас Йонович - Литва Ауғанстандағы ардагерлер және басқа да әскери қақтығыстардың қатысушылары

республикалық қауымдастығының төрағасы, Вильнюс қаласы

44. Литвиненко Александр Иванович - Литва Республикасы Ауғанстандағы соғыс мүгедектері қорының төрағасы, Вильнюс қаласы

45. Адуев Аду Абдусаламович - Латвия Ауғанстандағы соғыс және басқа да әскери қақтығыстардың ардагерлері қауымдастығының төрағасы, Рига қаласы

46. Пакс Карл Яковлевич - Эстония "Боевое братство" Ауғанстан, оқшау соғыстар мен әскери қақтығыстар ардагерлері одағының төрағасы, Таллин қаласы

47. Өтегенов Шәріпбай Әбдімәлікұлы - Қазақстан Республикасы Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағының төрағасы, Шымкент қаласы

**Үйлестіру кеңесі отырысының жұмысына қатысу үшін шақырылған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің интернационалист жауынгерлері ардагерлер ұйымдарының активі:**

48. Акрамов Наби Мамаджанович - "Боевое братство" оқшау соғыс және қақтығыстар ардагерлерінің жалпыресейлік қоғамдық қозғалысы іс басқарушысының орынбасары, Кеңес Одағының Батыры, Мәскеу қаласы

49. Барт Александр Михайлович - Қазақстан Республикасы Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағы төрағасының орынбасары, Мәскеу қаласы

50. Большаков Юрий Васильевич - "Боевое братство" оқшау соғыстар және әскери қақтығыстар ардагерлерінің (қатысушыларының) Мәскеу өңірлік ұйымының кеңесі төрағасының кеңесшісі, Мәскеу қаласы

51. Борщов Владимир Николаевич - Беларусь Ауғанстандағы соғыс ардагерлері одағы төрағасының орынбасары, Беларусь Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Минск қаласы

52. Слепцов Юрий Федорович - "Боевое братство" оқшау соғыстар және әскери қақтығыстар ардагерлерінің (қатысушыларының) Мәскеу өңірлік ұйымының мүшесі, Воскресенск қаласының мэрі, Мәскеу қаласы

**Үйлестіру кеңесі отырысының жұмысына қатысу үшін шақырылған Қазақстан Республикасының интернационалист жауынгерлері ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен активі:**

53. Әбдірәсілов Қайрат Қырықбайұлы - Оңтүстік Қазақстан облысы Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағы төрағасының міндетін атқарушы, Шымкент қаласы

54. Әбдішүкіров Мұрад Мұқтарұлы - Алматы қаласы Интернационалист жауынгерлердің ардагерлер ұйымдары үйлестіру кеңесінің төрағасы, Алматы қаласы

55. Аздравин Александр Иванович - Ақмола облысының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағының төрағасы, Көкшетау қаласы

56. Әубәкіров Нұралы Әбубәкірұлы - Қостанай облысының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағының төрағасы, Қостанай қаласы

57. Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты, авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының Батыры, Астана қаласы

58. Амраев Абуджан Абдусатарович - Алматы қаласының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағының төрағасы, Алматы қаласы

59. Баймолданов Оран қажы - Алматы облысының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағының төрағасы, Талдықорған қаласы

60. Баймаханов Қайратдин Әлібайұлы - Қызылорда облысының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағының төрағасы, Қызылорда қаласы

61. Бәйтереков Рүстем Әбиболлаұлы - Қазақстан Республикасының Ауғанстан ардагерлері одағының төрағасы, Алматы қаласы

62. Биемелдинов Асқар - Павлодар облысының Ауғанстан ардагерлері одағының төрағасы, Павлодар қаласы

63. Борискин Андрей Викторович - Қазақстан Республикасының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағы төрағасының орынбасары, Алматы қаласы

64. Галлеев Геннадий Мырзағалиұлы - Ақтөбе облысының Ауғанстан ардагерлері одағының төрағасы, Ақтөбе қаласы

65. Гамов Игорь Васильевич - Солтүстік Қазақстан облысының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағының төрағасы, Петропавл қаласы

66. Дорани Басирахмад Амирмохаммад - Оңтүстік Қазақстан облысының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағы төрағасының орынбасары, Шымкент қаласы

67. Елубаев Қайрат Меңдібайұлы - Астана қаласының Ауғанстандағы соғыс мүгедектері мен ардагерлері одағының төрағасы, Астана қаласы

68. Есжанов Сауырбай Құлбайұлы - Қазақстан Республикасының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағы төрағасының кеңесшісі, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты, Астана қаласы

69. Есбосынов Асылбек Әбухайырұлы - Атырау облысының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағының төрағасы, Атырау қаласы

70. Қазақбаев Сержан Абдолдаұлы - Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы атындағы республикалық әскери мектеп-интернаттың бастығы, полковник, Жауынгерлік Қызыл

Жұлдыз және екі Қызыл Жұлдыз ордендерінің иегері, Ауғанстандағы соғыстың ардагері, Алматы қаласы

71. Қазыбеков Рафик Жәкенұлы - Екібастұз қаласының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағының төрағасы, Екібастұз қаласы

72. Қалматаев Мұрат Дүйсенбіұлы - Қазақстан Республикасының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағы төрағасының кеңесшісі, милиция генерал-майоры, Алматы қаласы

73. Керимбаев Борис Төкенұлы - Жауынгерлік Қызыл Жұлдыз және Қызыл Жұлдыз ордендерінің иегері, полковник, Ауғанстандағы соғыстың ардагері, Алматы қаласы

74. Кремениш Николай Иванович - Ауғанстандағы соғыс мүгедектерін қолдау республикалық одағының төрағасы, Кеңес Одағының Батыры, Алматы қаласы

75. Қойшиев Үсен Рүстемұлы - Жамбыл облысының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағының төрағасы, Тараз қаласы

76. Мамедов Байрамали Менлимамедович - Маңғыстау облысының Ауғанстан ардагерлері одағының төрағасы, Ақтау қаласы

77. Мусин Ербол - Шығыс Қазақстан облысының Ауғанстандағы соғыс ардагерлері ұйымы одағының төрағасы, Семей қаласы

78. Мұхамбетқалиев Нұрлан - Батыс Қазақстан облысының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағының төрағасы, Орал қаласы

79. Мұхамеджанов Төлеген Мұхамеджанұды - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты, Астана қаласы

80. Пашевич Сергей Владимирович - "Боевое братство" оқшау соғыстар және әскери қақтығыстар

ардагерлері(қатысушылары) одағының төрағасы, Алматы қаласы

81. Сәрсенов Нұрдәулет Жұмағұлұлы - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты, Астана қаласы

82. Сейітбек Нұрлан Мөнкеұлы - Жамбыл облысының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағының төрағасы, Тараз қаласы

83. Темірбаев Жеңіс Өкенұлы - Қарағанды облысы Ауғанстан ардагерлері одағының төрағасы, Қарағанды қаласы

84. Тінікеев Мұхтар - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты, Астана қаласы

85. Тұлғаев Қайрат Әлиханұлы - Қазақстан Республикасының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағы төрағасының бірінші орынбасары, Шымкент қаласы

86. Шабалин Юрий Николаевич - Алматы қаласы Әуезов ауданының Ауғанстан және оқшау соғыстар ардагерлері одағының төрағасы, Алматы қаласы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 31 тамыздағы
N 254-ө өкіміне
2-қосымша

**2006 жылғы 4-7 қыркүйек кезеңінде Астана қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер үкіметтері басшыларының кеңесі жанындағы Интернационалист жауынгерлер істері жөніндегі комитет Үйлестіру кеңесінің отырысын дайындау және өткізу бойынша шығыстар сметасы**

ТМД және Балтық елдерінен келетіндердің жалпы саны - 52 адам:

| | |
|---|---|
| Ресей Федерациясы | 35 |
| Әзірбайжан Республикасы | 2 |
| Армения | 1 |
| Беларусь Республикасы | 3 |
| Грузия | 1 |
| Қырғыз Республикасы | 1 |

Молдова Республикасы 1
Тәжікстан Республикасы 1
Өзбекстан Республикасы 1
Эстония 1
Украина 2
Латвия 1
Литва 2
Барлығы: 52 адам.

1. Астана қаласына дейін және кері қарай ұшу құны (авиабилеттердің 2006 жылғы 14 маусымдағы бағасының жай-күйі бойынша):

1) Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.: Мәскеу-Астана/Астана-Мәскеу - 1 адамға 37 000 теңге. Барлығы: 74 000 теңге.

Жиыны: 35 адамға 74 000 теңгеден = 2 590 000 теңге.

2) Әзірбайжан Республикасы, Баку қ.: Баку-Астана/Астана-Баку - 1 адамға 36 500 теңге. Барлығы: 73 000 теңге.

Жиыны: 2 адамға 73 000 теңгеден = 146 000 теңге.

3) Армения Республикасы, Ереван қ.: Ереван-Астана/Астана-Ереван - 1 адамға 40 500 теңге. Барлығы: 81 000 теңге.

Жиыны: 1 адамға 81 000 теңге.

4) Беларусь Республикасы, Минск қ.: Минск-Астана/Астана-Минск - 1 адамға 40 000 теңге. Барлығы: 80 000 теңге.

Жиыны: 3 адамға 80 000 теңгеден = 240 000 теңге.

5) Грузия, Тбилиси қ.: Тбилиси-Астана/Астана-Тбилиси - 1 адамға 43 000 теңге.

Жиыны: 1 адамға 86 000 теңге.

6) Қырғыз Республикасы, Бішкек қ.: Бішкек-Астана/Астана-Бішкек - 1 адамға 46 000 теңгеден. Барлығы: 92 000 теңге.

Жиыны: 1 адамға 92 000 теңге.

7) Молдова Республикасы, Кишинев қ.: Кишинев-Астана/Астана-Кишинев - 1 адамға 57 500 теңге. Барлығы: 115 000 теңге.

Жиыны: 1 адамға 115 000 теңге.

8) Тәжікстан Республикасы, Душанбе қ.: Душанбе-Астана/Астана-Душанбе - 1 адамға 26 500 теңге. Барлығы: 53 000 теңге.

Жиыны: 1 адамға 53 000 теңге.

9) Өзбекстан Республикасы, Ташкент қ.:

Ташкент-Астана/Астана-Ташкент - 1 адамға 25 865 теңге. Барлығы: 51 730 теңге.

Жиыны: 1 адамға 51 730 теңге.

10) Эстония, Таллин қ.:

Таллин-Астана/Астана-Таллин - 1 адамға 66 000 теңге. Барлығы: 132 000 теңге.

Жиыны: 1 адамға 132 000 теңге.

11) Украина Киев қ.:

Киев-Астана/Астана-Киев - 1 адамға 50 000 теңге. Барлығы: 100 000 теңге.

Жиыны: 2 адамға 100 000 теңгеден = 200 000 теңге.

12) Латвия, Рига қ.:

Рига-Астана/Астана-Рига - 1 адамға 66 160 теңге. Барлығы: 132 200 теңге.

Жиыны: 1 адамға 132 320 теңге.

13) Литва, Вильнюс қ.:

Вильнюс-Астана/Астана-Вильнюс - 1 адамға 57 500 теңге. Барлығы: 115 000 теңге.

Барлығы: 2 адамға 115 000 теңгеден = 230 000 теңге.

Жиыны: 4 149 050 теңге.

2. ТМД және Балтық елдерінен келген қонақтардың "Есіл" қонақүйінде тұруы - 52 адам:

1) делегация басшылары мен басқа да VIP-персондарға арналған 3 люкс (Suite), тұру құны тәулігіне 46 920 теңге, 3 тәулікке = 422 280 теңге;

2) 13 жартылай люкс (JuniorSuite), тұру құны тәулігіне 35 190 теңге, 3 тәулікке = 1 372 410 теңге;

3) 2 стандартты екі орынды нөмір (Twin), тұру құны тәулігіне 20 332 теңге, 3 тәулікке = 121 992 теңге;

4) 3 стандартты жақсартылған нөмір (Deluxe), тұру құны тәулігіне 20 332 теңге 3 тәулікке = 182 988 теңге;

5) 29 стандартты нөмірлер (Standart), тұру құны тәулігіне 18 768 теңге, 3 тәулікке = 1 632 816 теңге.

Барлығы: 3 732 486 теңге.

Жиыны: 7 881 536 теңге.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК